

Қазақстан Республикасындағы Стандарттау, сертификаттау жөніндегі нормативтік құжаттардың міндетті талаптарының сақталуына және сертификатталған өнімге (жұмыстарға, қызметтерге) мемлекеттік қадағалау мен бақылауды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитет Мемстандарт 2002 жылғы 17 мамырдағы N 169 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 20 маусымда тіркелді. Тіркеу N 1887. Бұйрықтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің 2007 жылғы 4 қазандағы N 292 бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің 2007 жылғы 4 қазандағы N 292 бұйрығымен.

Үзінді:

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес келтіру мақсатында, БҰЙЫРАМЫН:

1. Мынадай нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасындағы Стандарттау, сертификаттау жөніндегі нормативтік құжаттардың міндетті талаптарының сақталуына және сертификатталған өнімге (жұмыстарға, қызметтерге) мемлекеттік қадағалау мен бақылауды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау комитеті төрағасының 2002 жылғы 17 мамырдағы N 169 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 1887 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқару және өзге мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерінің бюллетенінде жарияланған, 2002 ж., N 38, 697 - қ ұ ж а т) ;

2)

3)

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*М и н и с т р д і ñ
м і н д е т і н а т қ а р у ш ы*

" Стандарттау туралы ", " Сертификаттау туралы " Қазақстан Республикасы Заңдарын орындауда және аталған заң актілерінің талаптарына сәйкес

мемлекеттік қадағалау жүргізу мақсатында,

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қосымша берілген Қазақстан Республикасындағы Стандарттау, сертификаттау жөніндегі нормативтік құжаттардың міндетті талаптарының сақталуына және сертификатталған өнімге (жұмыстарға, қызметтерге) мемлекеттік қадағалау мен бақылауды жүзеге асыру ережесі бекітілсін.

2. Бөлім басшылары А.Б.Жағыпаров және Ж.Т.Сүлейменова Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне қосымша берілген Ережені 10 күндік мерзімде тіркеуге ұсынсын.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен уақыттан бастап қолданысқа енгізіледі.

Төраға м.а.

Қазақстан Республикасы
Экономика және сауда министрлігі
Стандарттау, метрология және
сертификаттау жөніндегі
комитеті төрағасының м.а.
2002 жылғы 17 мамырдағы
N 169 бұйрығымен бекітілді

**Қазақстан Республикасындағы Стандарттау,
сертификаттау жөніндегі нормативтік құжаттардың
міндетті талаптарының сақталуына және сертификатталған
өнімге (жұмыстарға, қызметтерге) мемлекеттік қадағалау
мен бақылауды жүзеге асыру
ЕРЕЖЕСІ**

Осы ереже " Стандарттау туралы ", " Сертификаттау туралы ", " Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы", " Өлшемдердің бірлігін қамтамасыздандыру туралы " Қазақстан Республикасының Заңдарына, " Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің бюджеттік бағдарламаларының төлқұжаттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 30 қаңтардағы N 138 қаулысына сәйкес (N 059 " Тауарлардың сапасы мен қауіпсіздігіне сату саласында мемлекеттік қадағалау жүргізу үшін үлгілерін сатып алу және сынау") әзірленді және стандарттау, сертификаттау жөніндегі нормативтік құжаттардың міндетті талаптарының сақталуына және сертификатталған өнімге мемлекеттік қадағалау мен бақылауды жүзеге асыру тәртібін бекітеді, бұдан әрі - мемлекеттік қадағалау, бақылау.

Өз құзыретінің шегінде мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыратын Мемстандарттың және оның аймақтық органдарының лауазымды тұлғалары үшін, сондай-ақ тексерілетін Қазақстан Республикасының аймағындағы жеке

және заңды тұлғалар үшін, шетел фирмаларын қоса, осы Ереже міндетті болып табылады.

1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік қадағалаудың мақсаты - өнім, жұмыс (қызмет көрсету), (бұдан былай - өнім), сапасын, олардың азаматтардың өмірі мен денсаулығы, қоршаған орта үшін қауіпсіздігін қамтамасыздандыру мәселелерінде мемлекет мүдделерін және тұтынушылардың құқығын қорғау болып табылады.

Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың міндетті талаптарының сақталуына мемлекеттік қадағалау - осы талаптарды бұзу фактілерін анықтауға, алдын алуға және жоюға бағытталған стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі құзыретті мемлекеттік органның және оның аймақтық бөлімшелерінің, заң актілерінде аталған басқа мемлекеттік басқару органдарының қызметі.

Тіркелген сертификаттау жөніндегі органдарының және сынақ зертханаларының (орталықтарының) қызметіне мемлекеттік бақылауды заңмен бекітілген тәртіп бойынша стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі құзыретті мемлекеттік орган және оның аймақтық бөлімшелері іске асырады.

2. Мемлекеттік қадағалау мен бақылаудың негізгі мәселелері мыналар болып табылады:

1) нормативтік құжаттардың міндетті талаптарын бұзушылықты анықтау, болдырмау, жоюға бағытталған талаптарының сақталуы;

2) сертификаттау ережелерінің, сертификатталған өнім сапасының сақталуын бақылау;

3) міндетті сертификаттау ережелері мен нормативтік құжаттарында белгіленген міндетті талаптарын жеке және заңды тұлғалардың сақтауы, Қазақстан Республикасында өндірілетін және (немесе) сатылатын өнім сапасының күйі туралы сенімді ақпаратты мемлекеттік органдарға, басқа мүдделі ұйымдарға ұсыну.

3. Мемлекеттік қадағалау және бақылау объектілері:

1) Бірнеше рет өндіруге немесе қолдануға мүмкін өнім, процестер (жұмыстар), қызметтер;

2) өнімге (қызмет көрсету, жұмыс) берілген нормативтік, техникалық және басқа құжаттама;

3) өндірушілер (сатушылар, орындаушылар) өнімін, сынақ зертханаларын (орталықтарын), сертификаттау органдарын міндетті сертификаттау жөніндегі жұмысы.

4. Мемлекеттік қадағалау Қазақстан Республикасы аумағында шетел фирмаларын қоса, жеке және заңды тұлғаларда өнімнің өміршеңдік кезеңінің кез

келген сатысында жүргізіледі: өнімді әзірлеу және өндіріске жеткізу, оны даярлау, тарату (жеткізу, сату), қолдану (пайдалану), сақтау, тасымалдау және кәдеге жарату, сондай-ақ процестерді (жұмыстарды) орындау және қызмет көрсету.

5. Мемлекеттік қадағалау Мемстандарт бекіткен тәртіп бойынша аттестатталған және белгілі үлгідегі куәліктеріне ие Мемстандарттың және оның мемлекеттік қадағалау жөніндегі аймақтық органдарының лауазымды тұлғаларымен - мемлекеттік инспекторларымен жүзеге асырылады.

Тексеріске бақылау және қадағалау қызметін атқарушы басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдардың өкілдері, сертификаттау жөніндегі сарапшы-аудиторлар белгіленген тәртіп бойынша қатысуы мүмкін.

Барлық жағдайда тексерісті Мемстандарттың немесе оның мемлекеттік қадағалау жөніндегі аймақтық органдарының лауазымды тұлғалары басқарады.

6. Мемстандарт құзыретіне жататын мемлекеттік қадағалау жөніндегі Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік инспекторы Мемстандарт төрағасы б о л ы п т а б ы л а д ы .

Бас мемлекеттік инспекторының орынбасары - Мемстандарт төрағасының о р ы н б а с а р ы б о л ы п т а б ы л а д ы .

Астана және Алматы қалалары мен облыстардың Бас мемлекеттік инспекторлары - Мемстандарттың мемлекеттік қадағалау жөніндегі аймақтық органдарының басшылары болып табылады, олардың құрылымдық бірліктерінде - Басқарма басшыларының орынбасарлары - негізгі бөлімшенің тұрғылықты жерінен тыс орналасқан қалалар бойынша бөлім басшылары.

7. Мемлекеттік қадағалау барысында сыртқы тексеріс, өнімді салыстыру, өлшем және сынақ бақылау және қадағалау нәтижелерінің сенімділігін және әділдігін қамтамасыз ететін басқа әдістер қолданылады.

8. Заңды тұлғалардың басшылары және жеке тұлғалар тексеріс кезінде мемлекеттік инспекторларға тексерісті іске асыру үшін қажетті жағдайды қ а м т а м а с ы з е т у і т и і с :

1) мемлекеттік инспектор куәлігін және заңмен белгіленген талаптарға сай мемлекеттік қадағалау жөніндегі аймақтық органында, және қажетті жағдайда прокуратура органында тіркелген тексеру тапсырмасын ұсынған жағдайда қызмет және өндірістік бөлмелеріне еркін кіру;

2) мемлекеттік қадағалау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді, тексеру кесімін ресімдеу үшін бөлме мен ұйымдастыру техникасын, өлшем және сынақ құралдарын, үлгілерді сынауға жеткізуге арналған көлік құралдарын ұсыну, аралық кесімдерге, анықтама қағаздарына қол қоюға құқылы жауапты т ұ л ғ а л а р д ы б ө л у ;

3) сынақ жүргізуге (талдау, өлшеу) шығындалған үлгілер мен шығындардың

құны республикалық бюджет, немесе өнім үлгілерін сатып алуға және сынауға бюджет қаражаты бөлінбеген болса, тексерілетін объектілер шығындары есебіне жатқызып, нормативтік құжаттардың міндетті талаптарына сәйкестігін бақылау үшін өнімнің сынамалары мен үлгілерін іріктеу.

2. Мемлекеттік қадағалауды дайындаудың және жүргізудің жалпы ережелері

9. Мемлекеттік қадағалау төмендегілерді ескере отырып, таңдаулы тексеріс арқылы жүзеге асырылады:

1) жыл сайын Мемстандарт белгілеген мемлекеттік қадағалаудың басым бағыттары;

2) Үкіметтің, Мемстандарттың және жергілікті атқарушы органдарының мақсатты тапсырмалары;

3) тұтынушылардың шағымдары мен басқа органдар тарапынан келген ақпарат;

4) тіркелген сынақ зертханалары (орталықтары) және сертификаттау органдары туралы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тізілімінің деректері.

10. Өнім өндірушілер нормативтік құжаттардың міндетті талаптарын сақтауына жоспарлы тексеру аралығы жылына бір рет болады.

Тауарлардың үлгілері аймақтық Басқармаларының басшылары бекіткен кестеге сай сатып алынады.

Жеке және заңды тұлғалардың нормативтік құжаттарында өнімге қойылған талаптарды бұзу фактілері бойынша тұтынушылардың шағымдары мен кінәрат-талаптары, жоғарыдағы мекемелер мен жергілікті билік органдарының қосымша тапсырмалары мемлекеттік қадағалау жөніндегі аймақтық органына келіп түскен жағдайда жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

Тексеріс нәтижесінде нормативтік құжаттардың міндетті талаптары, міндетті сертификаттау ережелері анықталған жағдайда және заңнамада бекітілген ұйғарым берілгенде, ұйғарымды орындау үшін берілген мерзім аяқталған соң тексеріс ұйымдастырылуы тиіс.

Егер ұйғарым алған заңды (жеке) тұлға анықталған бұзушылықтардың жойылуы туралы мемлекеттік қадағалау жөніндегі органына хабарласа және тиісті рұқсаттарды беру туралы өтінсе, тексеріс бұрын берілген ұйғарымды орындауға арналған мерзімге дейін ұйымдастырылуы мүмкін.

11. Мемлекеттік қадағалаудың қандай да бір объектісін тексеру жөніндегі комиссия (инспектор) қызмет көрсететін аймақтың, облыстың (қаланың) Бас мемлекеттік инспекторымен құрылып (анықталып), бекітіледі.

12. Тексеріс ұйымдастыру үшін тексерілетін объект басшысына мемлекеттік қадағалау жөніндегі аймақтық органының тексерістерді есептеу журналында

және прокуратура органында міндетті түрде тіркелуге тиісті, 1 қосымшасының нысаны бойынша тексеріс жүргізу кесімі даярланады.

13. Тексеріске әзірлену барысында:

- 1) алдыңғы тексерістердің нәтижелеріне талдау жүргізіледі, оның ішінде бақылау және қадағалау жөніндегі басқа мемлекеттік органдары жүргізгені;
- 2) тексеріс затына қатысты нормативтік және техникалық құжаттамаға талдау жүргізіледі;
- 3) тексерілетін объект қызметінің нәтижелері зерттеледі (есептік деректер, шағымдар және т.б.);
- 4) қажетті жағдайда тексеріс бағдарламасы әзірленеді;
- 5) басқа мекемелердің мамандарын және бақылауға алынған өнім сапасы саласындағы сарапшыларды қатыстыру қажеттілігі жөніндегі мәселе қарастырылады;
- 6) қаланың, облыстың сынақ зертханаларында (орталықтарында) бақылауға алынған өнімге сынақ жүргізу мүмкіндіктері анықталады.

14. Тексерілетін объектіге келген соң объект басшысына немесе оны алмастырушы тұлғаға осы құжаттың 12-тармағына сәйкес әзірленген тексеріс жүргізу туралы хабарлама беріледі және тексеріс жоспарымен таныстырады.

Одан соң комиссия мүшелері - мемлекеттік инспекторлар және қатыстырылған мамандар арасындағы жұмыс белгіленеді, және тексеріс объектісі ұсынатын қажетті мәліметтер мен құжаттардың тізімі анықталады.

3. Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың міндетті талаптарының сақталуына мемлекеттік қадағалау жүргізу ережесі

15. Нормативтік құжаттардың міндетті талаптарының сақталуына мемлекеттік қадағалау жүргізу барысында бекітілген талаптарды сақтауға баға берілуі тиіс.

Осы мақсатпен өнімнің сыртқы түрі тексеріледі, салыстырылады және сынақ жүргізу үшін өнімнің үлгілері (сынамалары) іріктеледі.

Іріктеу әдістемесі және іріктелетін үлгілердің саны (іріктеу көлемі) нақты өнім стандарттарының талаптарына сәйкес болуы тиіс.

Егер өнім стандарты тұтас бақылауды көздейтін болса немесе үлгілерді іріктеу мөлшері белгілемесе, іріктеу мөлшерін тексерілетін объект басшысының келісімімен мемлекеттік инспектор анықтайды, бірақ кемінде тексерілетін топтама өнімінің 10%-ы немесе тұтас бақылау кезінде кемінде 3 бұйымы.

Үлгілерді іріктеу 2-қосымшадағы нысан бойынша кесіммен ресімделеді.

16. Өнімнің нормативтік құжаттар талаптарына сәйкестік бағасы стандарттарды көзделген бақылау және сынақ (талдау, өлшеу) негізінде беріледі.

Өнімнің сыртын тексерілетін объект мамандарының қатысуымен мемлекеттік

инспектор **тексереди.**

Үлгілерді сынау тексерілетін өнімді сынауға тіркелген кез келген зертханада (орталықта) жүргізіледі.

Іріктелген үлгілер (сынамалар) басқа өнімнен оқшауланады, буып-түйіледі, пломба салынады немесе мөр басылады және іріктеу кесімінің көшірмесімен, сынақ бағдарламасы көрсетілген 3 қосымшадағы нысан бойынша жолдама бағыт хатымен қоса сынаққа жіберіледі.

Үлгілер алынған өнімнің топтамасы, тез бұзылатын өнімдерден басқасы,
сынақ аяқталғанға дейін сатылмайды.

Сынақ көлемін тапсырмаға байланысты тексерісті басқарушы мемлекеттік инспектор анықтайды.

Сынақ нормативтік құжаттарда белгіленген тек міндетті талаптар бойынша жүргізіледі.

Тұтынушылар шағымдары бойынша тексерулерді жүргізген кезде өнімнің тұтыну қасиетін негіздейтін өнім сәйкессіздігіне сынақ осы көрсеткіштер бойынша жүргізіледі.

4. Қолданылған үлгілердің құны және сынақ (талдау, өлшеу) жүргізуге жұмсалған шығындар үлгілерді сатып алуға және сынауға

17. Өнімді сынау, өлшеу, сыртқы түрін тексеру және салыстыру нәтижелері бойынша, 4-қосымшада ұсынылған нысан негізінде хаттама жасалады. Сынақ хаттамасы немесе сынақты жүргізген тіркелген зертхананың хаттамасы тексеріс кесімінің қосымшасы болып табылады.

Сынақ нәтижелері үлгілер алынған өнімнің топтамасын қамтиды.

18. Егер өнімнің сыртын тексеру және сынау нәтижелері бойынша бұзушылық анықталмаса, тексеріс аяқталып, осы ереженің 30-тармағына сәйкес кесім ресімделеді.

19. Өнімнің нормативтік құжаттардың міндетті талаптарына сәйкессіздігі анықталған жағдайда, анықталған бұзушылықтардың себептері зерттеледі және толық бағдарлама бойынша тексеріс жүргізіледі.

20. Міндетті сертификатталуға тиісті өнімді бақылау процесінің барысында, сонымен қатар, төмендегілер тексеріледі:

уәкілетті орган берген сертификаттың болуы, оның түпнұсқалығы, ресімделуінің, тіркелуінің дұрыстығы, қолдану мерзімі немесе сәйкестік декларациясының болуы;

сәйкестік белгісін қолдану құқықтылығы;

инспекциялық бақылауды көздейтін сертификаттау сызбасы бойынша сертификат берген сертификаттау жөніндегі органы инспекциялық бақылау жүргізгенін дәлелдейтін құжаттардың болуы.

21. Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар талаптарының сақталуына тексеріс жүргізумен қатар тексерілетін объектіде, Мемстандарт бекіткен әдістемелер бойынша, өлшем және сынақ құралдарымен қамтамасыздығы және олардың күйі тексеріледі.

22. Өнімнің сериялық өндірісі немесе оны өндіруші кәсіпорынның сапа жүйесі белгіленген тәртіппен сертификатталған болса, мемлекеттік қадағалау органдарымен тек келесі жағдайларда ғана тексеріледі:

1) тұтынушылардың шағымдары немесе жоғарыдағы мекеменің тапсырмасы к е л і п т ү с к е н д е ;

2) егер сертификаттау жөніндегі органының қызметін тексеру нәтижесінде өнімге сәйкестік сертификатын беру негізсіздігі немесе сертификаттау жөніндегі органының сертификатталған өнімге инспекциялық бақылау жүргізу барысындағы болған бұзушылық анықталғанда.

23. Өнімді сату сатысында мемлекеттік қадағалау жүргізу үшін мыналар қ а ж е т :

тауарлардың үлгілерін сатып алу және ақшалай қаражат алу үшін Комитет Төрағасы мен аймақтық Басқармаларының басшылары арасында:

толық материалдық жауапкершілік туралы шарт жасалады;

тиісті Басқарманың басшысы бекіткен кестеге сәйкес, аванс журналы бойынша ақшалай қаражатты алған соң, мемлекеттік инспекторларға тауарларды сатып алу үшін ақшалай қаражат беріледі;

сату саласында тауарлардың сапасы мен қауіпсіздігіне мемлекеттік қадағалау жүргізу үшін олардың үлгілерін сатып алу және сынау заңнамаға сәйкес іске а с ы р ы л а д ы .

Үлгілерді сатып алу тәртібі:

тауарлардың үлгілерін сатып алу орындары: тиісті Басқарманың басшысы бекіткен кестеге сәйкес сату саласы (дүкен, супермаркеттер);

сапасын және қауіпсіздігін анықтау үшін сатып алынатын тауарлардың үлгілері - тізімге сәйкес (осы ереженің 5-қосымшасы);

тексерісті ұйымдастыру үшін тексерілуге тиісті объектінің басшысына, Басқарманың тексерістерді есептеу журналында міндетті түрде және прокуратура органдарында тіркелуге тиісті тексеріс жүргізу туралы тапсырма (осы ереженің 1-қосымшасы) әзірленеді;

өнімді сырттай тексеруді, оны салыстыруды нормативтік құжаттардың өнімге қойылатын талаптарының негізінде мемлекеттік инспектор жүзеге асырады;

сату саласында тауарлардың сапасы мен қауіпсіздігіне мемлекеттік қадағалау жүргізу үшін тауарлардың үлгілері сатып алынады;

тауарлардың үлгілерін сатып алу кезінде мемлекеттік инспектор тексеріске қатысушылар қол қойған тауарлардың үлгілерін іріктеу кесімін (осы ереженің 2-

қосымшасы) жасайды және тауарға берілген чекті тіркейді;

тауардың сатып алынған үлгісін мемлекеттік инспектор тіркелген зертханаларға сынауға тапсырады (осы ереженің 3-қосымшасы);

тіркелген зертханалар тексеріске қатысушылардың қолы қойылған сынақ хаттамасын (осы ереженің 4-қосымшасы) мемлекеттік инспекторларға тапсырады;

мемлекеттік инспектор тексеріс нәтижелері, үлгілерді іріктеу кесімі және сынақ хаттамасы негізінде тексеріске қатысушылардың қолы қойылған тексеріс кесімінің 3 данасын (осы ереженің 6-қосымшасы) және орындалған жұмыс кесімін (осы ереженің 7-қосымшасы) жасайды;

әрбір тексеріс бойынша мемлекеттік инспекторлар аймақтық Басқарма басшысына аванстық есеп береді;

теріс нәтижелер алынған жағдайда аймақтық әкімшілік комиссиялары Әкімшілік құқықбұзушылық туралы Кодексіне сәйкес әкімшілік шаралары қолданылады.

Тіркелген зертханалардың тауар үлгілеріне сынақ жүргізу тәртібі:

тауарлардың үлгілеріне сынақ жүргізу үшін тіркелген зертханаларды Мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес ашық конкурс жариялау арқылы анықтау;

болашақ жеткізушілер үшін нұсқау әзірлеу;

заңмен белгіленген тәртіп бойынша, Мемстандарт және тіркелген зертханалар арасындағы шартына сәйкес тауарлардың үлгілерін сынау қызметін көрсету үшін төлеу;

сынақ зертханаларының ай сайын, ағымдағы айдың 10-на дейін, Мемстандартқа орындалған жұмыс кесімін ұсынуы;

аймақтық басқарма басшыларының Мемстандарт бухгалтериясынан тауарлардың үлгілерін сатып алуға арналған ақшалай қаражатты тоқсан сайын алуы және ағымдағы айдың 10-на дейін түпнұсқалы құжаттарды қоса бухгалтерияға аванстық есеп беруі;

1) тексеріс кесімі (іріктеу кесімі мен тауарларды сатып алу чегімен қоса);

2) тіркелген зертханаларымен орындалған жұмыс кесімін жасау.

5. Сертификаттау жөніндегі органдарының және сынақ зертханаларының қызметіне мемлекеттік қадағалау жүргізу ережесі

24. Сертификаттау жөніндегі органдарының және сынақ зертханаларының қызметіне мемлекеттік қадағалау олардың қызметінің тіркелген талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сертификаттау жүйесінің талаптарының сақталуын тексеру мақсатында жүргізіледі.

25. Тіркелген сертификаттау жөніндегі органдарына тексеріс жүргізу барысында төмендегілер анықталады:

1) өнімдерді (қызмет көрсетулерді), сапа жүйелерін, өндірісті сертификаттау жөніндегі органның тіркеу аттестатының болуы;

2) нормативтік құжаттамаларының қажетті қорының болуы және оның көкейтесті ету уақыттылығы;

3) тиісті персоналдың болуы және оның біліктілігі;

4) органға бекітілген өнімді сертификаттау ережесі мен тәртібін белгілейтін құжаттардың болуы;

5) сертификаттау жөніндегі орган ережесінде және мемлекеттік сертификаттау жүйесінің құжаттарында белгіленген талаптардың сақталуы;

6) тіркеу саласына сәйкес өнімге берілген сәйкестік сертификаттарының дұрыс ресімделуі және берілуінің негізділігі;

7) берілген сертификаттардың дұрыс тіркелуі;

8) өнімнің нормативтік құжаттардың міндетті талаптарына сәйкессіздігіне байланысты сертификат беруден бас тартқан жағдайлар;

9) қосалқы мердігерлермен жұмыс істеу ережесі;

10) сертификатталған өнімге инспекциялық бақылау жүргізудің дұрыстығы;

11) ішкі аудит жүргізу.

26. Тіркелген сынақ зертханаларына тексеріс жүргізу барысында төмендегілер анықталады:

1) сертификаттау сынақтарын жүргізу құқығына сынақ зертханасының тіркеу аттестатының болуы;

2) сертификаттау сынақтарынан өтетін өнім түрінің зертхананың тіркелген саласына сәйкестігі;

3) қажетті персоналдың болуы, оның біліктілігі, қызмет нұсқауларының және біліктілігін арттыру нысандарының болуы;

4) нормативтік құжаттамаларының қажетті қорының болуы және оның көкейтесті ету уақыттылығы;

5) сертификаттау сынақтары барысында қолданылатын өлшем құралдары мен әдістемелерінің, сынақ құралдарының және сынақ әдістемелерінің күйі, сынақ және өлшем құралдарын салыстырып тексеру уақыттылығы, стандарттық үлгілерді қолдану дұрыстығы;

6) сыналатын өнім үлгілерін іріктеу кесімінің және белгілеу жүйесінің (таңбалау) болуы;

7) өнім үлгілерінің нормативтік құжаттар талаптарына сәйкестігін сынау толықтығы;

8) сынақ жүргізу бағдарламалары мен әдістемелерінің сақталуы;

9) сертификаттық сынақ хаттамаларының дұрыс ресімделуі және

с е н і м д і л і г і ;

10) сынақ сапасына ішкі бақылау және зертхананың сапаны басқару жүйесіне ішкі тексеру жүргізілуі;

11) өтінушілермен, басқа сынақ зертханаларымен, сертификаттау жөніндегі органдарымен өзара әрекеті.

6. Тексеріс нәтижелерін ресімдеу

27. Заңды және жеке тұлғаларды тексеру нәтижелері бойынша 6-қосымшадағы нысан бойынша кесім ресімделеді.

28. Тексеріс кесімі - қолданыстағы заңнамаға сәйкес тиісті шаралар қолдану туралы ұйғарымдар мен қаулылар беруге негіздеме болып табылатын құжат.

Тексеріс кесіміне қойылатын негізгі талаптар:

1) стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар талаптарының, міндетті сертификаттау ережелерінің бұзылуы туралы анықталған фактілердің және оның себептерінің сенімділігі және негізділігі;

2) барынша қажетті ақпараттың баяндалу қысқалылығы;

3) тексеріс нәтижелерінің толықтығы;

4) тексеріс нәтижелерінің объективтілігі.

29. Бұзушылық анықталған тексеріс кесімі келесі бөлімдерден тұрады:

1) б а с т а п қ ы д е р е к т е р ;

2) нормативтік құжаттар талаптарының сақталуын тексеру нәтижелері;

3) өлшем және сынақ құралдарының күйін тексеру нәтижелері;

4) б ұ з у ш ы л ы қ с е б е п т е р і ;

5) т ұ ж ы р ы м д а м а .

Негізгі кесімге аралық кесімдер қоса беріледі: үлгілерді іріктеу кесімі, сынақ хаттамалары, анықталған бұзушылықтарды куәләндыратын құжаттардың көшірмесі және т. б .

Кесімде тексерілген объектінің қысқаша сипаттамасы беріледі, анықталған бұзушылықтар мен олардың себептері, сондай-ақ қолданылатын шаралардың негізі бола алатын басқа мәліметтер көрсетіледі.

Кесімге тексерістің барлық қатысушылары қол қояды. Кесімде баяндалған деректердің толықтығы, сенімділігі және объективтілігі үшін тексеріс жетекшісі ж а у а п т ы .

Кесім мазмұны тексерілген объект басшысына жеткізіледі, және ол кесімге қол қоюға тиіс. Егер ол қол қоюдан бас тартса, кесімге тиісті белгі жасалады.

Тексерілген объектінің лауазымды тұлғалары кесімге қоса, тексеріс нәтижелері бойынша өздерінің айрықша пікірлерін жазуға құқылы.

30. Бұзушылықтар анықталмаған тексеріс кесімі тек мынадай бөлімдерден тұрады :

1) б а с т а п қ ы д е р е к т е р ;

2) нормативтік құжаттар талаптарының сақталуын тексеру нәтижелері.
Сонымен қатар, кесімге қоса үлгілерді іріктеу кесімі және сынақ хаттамасы беріледі.

31. Өнімнің өміршеңдік кезеңінің түрлі сатыларында тексеру жүргізу және оны ресімдеу бойынша, өнімнің нақты түрлері мен тексеріс объектілері бойынша қосымша талаптар Мемстандарт бекіткен тексеру әдістемелерінде немесе тексеру жүргізуге техникалық тапсырмаларында белгіленеді.

7. Мемлекеттік қадағалау мәліметтерін жүзеге асыру

32. Тексеріс кесімінің бір данасы, қосымшалары мен қолданыстағы заңнамаға сәйкес мемлекеттік қадағалау берген ұйғарымдарды қоса, тексерілген тұлғаға жіберіледі.

33. Тексеріс кесімінің бір данасы Мемстандарттың мемлекеттік қадағалау жөніндегі аймақтық органының істерінде сақталады, ал республиканың бас мемлекеттік инспекторы тарапынан шара қолдану қажеттілігі туындаған жағдайда кесім көшірмесі Мемстандартқа ұсынылады.

34. Үзінді немесе жалпы мәліметтері түріндегі тексеріс кесімдерінен алынған деректер, қажетті жағдайда, сондай-ақ арнайы сұраулар бойынша, мүдделі тұлғаларға заңмен белгіленген тәртіппен жіберіледі.

35. Тіркелген сертификаттау жөніндегі органдары мен сынақ зертханаларының қызметін тексеру кесімінің бір данасы тексеріс нәтижелеріне қатыссыз Мемстандартқа ұсынылады.

36. Тексерілген тұлға кесім мен ұйғарымдарды алған соң анықталған бұзушылықтар мен олардың себептерін жою жөнінде шаралар қолданады. Қажетті жағдайда, бұзушылықтарды жою жөніндегі шаралардың жоспары әзірленеді және мемлекеттік қадағалау жөніндегі аймақтық бөлімшелерге х а б а р л а н а д ы .

Шаралар жоспарларының орындалуы туралы анықтамалар, ұйғарымдарды орындау туралы хабарламалар мемлекеттік қадағалау жөніндегі аймақтық бөлімшелеріне жіберіледі және берілген ұйғарымдардың орындалуына тексеру кезінде пайдаланылады.

Стандарттау,	сертиФикаттау	жөніндегі
нормативтік	құжаттардың	міндетті
талаптарының	сақталуына	және
сертификатталған	өнімге	(жұмыстарға,
қызметтерге)	мемлекеттік	қадағалау
мен бақылауды	жүзеге	асыру ережесіне
1-қосымша		

**Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің
Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті
(Мемстандарт)**

(мемлекеттік қадағалау жөніндегі аймақтық органының атауы)

Мекен-жайы: _____ N _____

Телефондар _____ 2002ж. _____

ТАПСЫРМА (ХАБАРЛАМА)

(Тексерілетін объект атауы)

(аты-жөні)

Стандарттау туралы, Сертификаттау туралы, Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы, Өлшемдердің бірлігін қамтамасыздандыру туралы
Қазақстан Республикасының Заңдарына және

(мемқадағалау жоспарына, шағым, ұйғарыммен)

сәйкес Сіздің қарамағыңыздағы кәсіпорыныңызда тексеріс жүргізіледі.

Тексеріс жүргізу _____

инспекторларына _____ тапсырылды.

Тексеріс басшысы _____

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес кәсіпорынның Жарғысын, лицензияны, патент немесе жеке тұлжеке тұлға куәлігін ұсынуыңызды және 200_ ж. _____

дейінгі белгіленген мерзімде тексеріс жүргізу үшін қажетті жағдай жасауыңызды өтінемін.

(қаласының, _____ облысының)

Бас мемлекеттік инспекторы _____ (қолы) _____ (аты-жөні)

стандарттау, сертификаттау жөніндегі
нормативтік құжаттардың міндетті
талаптарының сақталуына және
сертификатталған өнімге (жұмыстарға,

қызметтерге) мемлекеттік қадағалау
мен бақылауды жүзеге асыру ережесіне
2-қосымша

**Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің
Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі
комитеті (Мемстандарт)**

(мемлекеттік қадағалау жөніндегі аймақтық органының атауы)

Үлгілерді (сынамаларды) іріктеу

" ____ " _____ 2002 ж.

(кәсіпорын, ұйымның, мекеменің атауы)

Мен, мемлекеттік инспектор _____

(а т ы - ж ө н і)

(тексерілетін объект өкілдерінің аты-жөні, лауазымы)

көзінше _____

(нормативтік құжаттың белгісі, атауы)

талаптарына сәйкестігін тексеру үшін сатуға дайын өнімнің үлгілерін
і р і к т е д і м .

Тексе.		өлшем		Топтама		Топта.		Дайын.		Іріктелген		үлгілердің
ріле.		бірлік.		(бұйым)		маның		далған				(сынамалардың)
тін		терінің		нөмірі		көлемі.		күні,		саны		немесе салмағы
өнім		Заттай/				нің		іріктеу				
үлгісі		құнды				Заттай/		уақыты,		Сыртқы		Сынақ
(сына.		түрі				құнды		(тез бұ.		тексеріс		өлшем
малар)						түрі		зылатын		және		үшін
атауы								өнімдер		салыстыру		
								үшін)		үшін		

1

2

3

4

5

6

7

Үлгілер іріктелген өнім (тез бұзылатынынан басқасы) топтамасын
жөнелтуге тексеріс аяқталғанға дейін және мемлекеттік инспектордың
тиісті рұқсатынсыз тыйым салынады.

Мемлекеттік инспектор _____

(қ о л ы)

(а т ы - ж ө н і)

Тексеруге қатысушылар _____

(қолы)

(аты-жөні)

Стандарттау, сертификаттау жөніндегі
нормативтік құжаттардың міндетті
талаптарының сақталуына және
сертификатталған өнімге (жұмыстарға,
қызметтерге) мемлекеттік қадағалау
мен бақылауды жүзеге асыру ережесіне
3-қосымша

**Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің
Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті
(Мемстандарт)**

(мемлекеттік қадағалау жөніндегі аймақтық органының атауы)

(тіркелген сынақ зертханасының атауы)

ө н і м г е

с ы н а қ

ж ү р г і з у

БАҒЫТЫ

_____ 2002 ж.

N _____

Үлгілер атауы _____

Өндіруші _____

Жеткізуші _____

Үлгілерді іріктеу кесімі _____

(к ү н і , а й ы , ж ы л ы)

Зертханаға жіберілген үлгілер саны _____

Үлгілер күйін сипаттау _____

(мөр басылған, пломбыланған және т.б.)

(құжаттардың белгісі) (көрсеткіштерді көрсетіңіз)
сәйкестігіне анықталатын көрсеткіштердің тізбесі.
Сынақтар хаттамасын мына мекен-жай бойынша ұсынуыңызды сұраймын:

Мемлекеттік инспектор _____

(қолы)

(аты-жөні)

Стандарттау, сертификаттау жөніндегі
нормативтік құжаттардың міндетті
талаптарының сақталуына және
сертификатталған өнімге (жұмыстарға,
қызметтерге) мемлекеттік қадағалау

мен бақылауды жүзеге асыру ережесіне
4-қосымша
Сыртқы тексеру, салыстыру және сынақ
ХАТТАМАСЫ

Сынақ жүргізілген жер

ө н і м н і ң а т а у ы

Өнім атауы	Нормативтік	Нормативтік	Өлшем	Параметр	Өнім сынама
түрі,	құжаттардың	құжаттың	бір.	мағынасы	ның (үлгілері.
сипаты,	белгілері	талаптарына	лігі	(сипаты,	нің) саны
маркасы	және	сәйкес		көрсет.	(натуралды және
және т.б.	тармақта.	келмейтін		кіштері)	құнды
	рының	параметр.			сипатында)
	нөмірі	лердің			
		атауы		Норма	Фак.
				тив.	сі
				тік	бой.
				құжат	ынша
				б о й ы н	
				ш а	

1 2 3 4 5 6 7 8

Мемлекеттік инспектор

(қолы)

(аты-жөні)

Тексеріске қатысушы тұлғалардың қолы

Стандарттау, сертификаттау жөніндегі
нормативтік құжаттардың міндетті
талаптарының сақталуына және
сертификатталған өнімге (жұмыстарға,
қызметтерге) мемлекеттік қадағалау
мен бақылауды жүзеге асыру ережесіне

5-қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 29 қарашадағы N 1787 қаулысымен
бекітілген міндетті сертификатталуға тиісті
өнімдер мен қызмет көрсетулердің тізбесіне

**сәйкес сапасы мен қауіпсіздігін анықтау
үшін сатып алынатын өнімдердің
ТІЗБЕСІ**

1. Адамның терісімен жанасатын, тамақпен және сумен байланысты
х а л ы қ т ұ т ы н а т ы н т а у а р л а р
2. Құрылыс материалдары және конструкциялар
3. Д ә р і л і к з а т т а р
4. Медициналық бұйымдар және санитарлық-гигиеналық мақсаттағы
құралдар (3005**, 901831, 901890500)
5. Тамақ өнеркәсібінің өнімдері
6. О т а н д ы қ ш и к і з а т т а р
7. Ойыншықтар

Стандарттау, сертификаттау жөніндегі
нормативтік құжаттардың міндетті
талаптарының сақталуына және
сертификатталған өнімге (жұмыстарға,
қызметтерге) мемлекеттік қадағалау
мен бақылауды жүзеге асыру ережесіне

6-қосымша

**Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің
Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті
(Мемстандарт)**

(мемлекеттік қадағалау жөніндегі аймақтық органының атауы)

КЕСІМ

" ____ " 2002 ж.

N _____

(тексеріс түрі, өнімнің өміршеңдік кезеңі)

Тексерілген заңды тұлғаның басшысы _____

(кәсіпорын мекен-жайы, РНН)

Негіздеме: тапсырма _____

(тапсырма берген органның атауы, құжаттың күні және нөмірі)

Нормативтік құжаттар талаптарының сақталуына және өлшем құралдарына
мемлекеттік қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторларымен
құрастырылды _____

(а т ы - ж ө н і , л а у а з ы м ы)

Қатысушылар _____

(а т ы - ж ө н і , л а у а з ы м ы)

1 . Б а с т а п қ ы д е р е к т е р

2. Нормативтік құжаттар мен міндетті сертификаттау ережесі
талаптарының сақталуын тексеру нәтижелері

3. Өлшем және сынақ құралдарының күйін тексеру нәтижелері

4. Бұзушылықтардың себептері

5 . Т ұ ж ы р ы м д а м а л а р

Қосымша

Кесім _____ п. 3 данада жасалды және

1. _____
2. _____
3. _____

жіберілді (ұсынылды)

Т е к с е р і с б а с ш ы с ы ,

мемлекеттік инспектор _____
(қ о л ы) (а т ы - ж ө н і)

Тексеруге қатысушылар _____
(қ о л ы) (а т ы - ж ө н і)

К е с і м н і ң б і р д а н а с ы н

Кәсіпорын басшысы алды _____
(қолы) (аты-жөні)

Стандарттау, сертиФикаттау жөніндегі
нормативтік құжаттардың міндетті
талаптарының сақталуына және
сертификатталған өнімге (жұмыстарға,
қызметтерге) мемлекеттік қадағалау
мен бақылауды жүзеге асыру ережесіне

7-қосымша

О р ы н д а л ғ а н

ж ұ м ы с

КЕСІМІ

"___" 2002 ж.

N _____

Тіркелген сынақ зертханасы Орындаушы басшы ретінде

Бір жағынан және _____ бойынша
Мемстандарттың мемлекеттік қадағалау жөніндегі басқармасының
басшысы _____ екінші жағынан
Төмендегілер туралы келісті.

059 мемлекеттік бағдарламасына сәйкес Орындаушы күнтізбелік
жоспардың жалпы көлемінің

_____ сома
мөлшерінде жұмыс атқарылды.

1. Шарттың жасалу мерзімінен бастап жалпы жұмыстың құны

_____ 2. Бұдан бұрын жұмсалған сома

3. Тапсырушының орындаушыға ескерулері жоқ.

ТАПСЫРУШЫ

ОРЫНДАУШЫ

_____ бойынша

тіркелген СЗ басшысы

мемлекеттік қадағалау жөніндегі

басқарма

Тараптардың реквизиттер

"___" _____ 2002ж.

"___" _____ 2002ж.

ҚОЛЫ _____

ҚОЛЫ _____